

2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 24 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 14-3-125 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 4 мамырдағы N 94 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2012.05.04 N 94 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасына, 18-2-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасының 6-тармағына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылы өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. А л и м а н о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Қалмұрзаев

К е н т а у

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і ң

1 3

а қ п а н д а ғ ы

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

№ 24 қаулысымен бекітілген

2012 жылы жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

№	Жұмыс берушінің атауы	Кәсібі (мамандығы)	Ұйымдастырылатын жұмыс орындардың саны	А й л ы қ жалақысының мөлшері (теңге)	Жастар практикасының ұзақтығы (ай)
		есепші	2	26000	6

1	«Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы	экономист	2	26000	6
		заңгер	1	26000	6
		эколог	1	26000	6
2	«Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Кентау қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	оператор-программист	1	26000	6
3	«Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Кентау орталық қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	акушерка	2	26000	6
		мейірбике	2	26000	6
		оператор-программист	2	26000	6
4	«Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	қаржы	1	26000	6
		экономист	1	26000	6
5	«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Кентау қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	экономист-есепші	2	26000	6
		заңгер	2	26000	6
6	«Ы.Алтынсарин атындағы № 1 жалпы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі	математика пән мұғалімі	1	26000	6
7	«Әль-Фараби атындағы № 14 жалпы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі	биология пән мұғалімі	1	26000	6
		тарих пән мұғалімі	1	26000	2 ай 10 күн
		барлығы:	22		